

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 1 және 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 2014 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелерін - халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ - ы, 2007 ж., N 1, 6 - құжат):

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік органдар "жалғыз терезе" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері тізбесінің 2-тармағын ескере отырып, өзінің құзыретіне кіретін әрбір мемлекеттік қызмет бойынша бөлек мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеуді және Үкіметке бекітуге енгізуді қамтамасыз етсін.";

"2-2. Мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

2 - тармақта:

"жергілікті атқарушы органдар" кіші бөлімінде:

1), 2), 3), 4) тармақшаларда "ресімдеу" деген сөз "беру" деген сөзбен ауыстырылсын ;

13) тармақшада "қосалқы" деген сөздің алдынан "жеке" деген сөзбен толықтырылсын ;

14) және 21) тармақшалар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 23), 24), 25), 26), 27), 28) тармақшалармен толықтырылсын:

"23) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу;

24) балаларды патронаттық тәрбиелеуге алуға тілек білдірген отбасыдан өтінім қабылдау ;

25) миссионерлік қызметпен айналысатын азаматтарды есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) қою ;

26) әкетілетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру;

27) мемлекеттік және мемлекеттік емес дәрігерлік-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу;

28) жалғызділікті, сондай-ақ жалғыз тұратын қарттарға және мүгедектерге оның ішінде бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу.";

"Көлік және коммуникациялар министрлігінің органдары:" кіші бөлімі мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктерді беру.";

мынадай мазмұндағы кіші бөлімдермен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы министрлігінің органдары:

1) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен тетіктерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, оларға тіркемелерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу;

2) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен тетіктер, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, оларға тіркемелер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктер кепілін тіркеу;

3) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен тетіктерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, оларға тіркемелерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін, сондай-ақ тіркеу нөмірлік белгілерін бере отырып, өтімділігі жоғары арнайы машиналарды тіркеу, қайта тіркеу;

4) машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру;

Білім және ғылым министрлігінің органдары:

1) республиканың білім беру, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.";

2) (күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.20 N 745 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қ а р а ң ы з ) Қ а у л ы с ы м е н ) .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*